

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 458 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 528 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7380 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 сәуірдегі № 1 12-113 (26931 - 26932) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

2) «Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 148 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7615 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 шілдедегі № 237-238 (27056 - 27057) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) бұйрықтарының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Е.Н.Иманғалиевқа ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов